



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№4 (1371)  
27 сәуір  
2009 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

## Мектеп мақтаныштары қарашаңырақта



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қашан да білім құған жастарды назардан тыс қалдырған емес. Себебі, қарашаңырақ ел болашағына бей-жай қарамайды. Осы орайда, оқушылар арасында өткен «ҚазҰУ пәндік олимпиадасы» да соның дәлелі. 2009 жылдың 18 сәуірінде бүкіл республикамызды қамтыған аталған шара өз мәресіне жетті.

Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы мектеп оқушыларының алып-ұшқан көңілінен бір биіктеп қалғандай әсер қалдырды. Жабылу рәсіміне аудандық олимпиаданың жеңімпаздары мен ҚР барлық аудандарының білім беру жұмысының жетекші директорлары, Алматы қаласының оқушылары қатысты. “Баласы бәйгеге шапса, анасы үйде тақымын қысады” дегендей жүдделі орынға ие болған жеткіншектерді ертіп, еліміздің әр түкпірінен келген ата-аналар да қарт ҚазҰУ-ды көріп, ерекше танданыс білдіріп жатты. Қазақстан бойынша барлығы 2160 жеңімпазға ҚазҰУ-дың сертификаты берілді. Бұл сертификат иегері ЖОО-ға тапсырғанда бірқатар артықшылықтарға ие болмақ.

Естеріңізде болса, 2009 жылдың ақпанында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ҚР Білім және ғылым

министрлігінің бірлескен жана жобасы – «ҚазҰУ-дың пәндік олимпиадасы» өз жұмысын бастаған болатын. Бұл жоба ҚазҰУ-да оқитын студенттердің жана контингенттік тұжырымдамасын жасауға және дарынды оқушыларды анықтау үшін құрылып отыр. “Қыс қамын, жаз сайла”. Бұл дола оқушылар үшін бір жағы өз білімдерін тексеруге жол ашылса, екіншіден Қазақстандағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны ҚазҰУ-мен жақынырақ танысуға мүмкіндік туындапты. Сәтті жобаның арқасында, оған қатысқан енді тұратын жері, материалдық және әлеуметтік жағдайына қарамастан қазақстандық оқушылардың сапалы білім алуға мүмкіндіктері бар.

Олимпиада мектеп, гимназия, лицей және т.б. білім беру орындарының бітірушілері арасында өтті. Қазақ ұлттық университетінің ең үздік профес-

сорлары дарынды балаларды Алматы қаласына келтірмей-ақ Қазақстанның 14 облыстық орталығына арнайы сапармен барды. 500 мектептен барлығы 5950 оқушы қатысып, оның 548-і бірінші орынға, 692-сі екінші орынға, 866-сы үшінші орынға ие болды.

Сонымен қатар, «Дарын» республикалық байқауының, ҮШ «Жібек жолы» Математикалық Олимпиадасының, ХХІ Азиялық-Тынық мұхит Математикалық Олимпиадасының, Республикалық олимпиаданың қатысушылары ҚазҰУ-ға түсу үшін іріктеліп, оларға университеттің 200 сертификаты берілді.

Қорытынды кеште ортаға шығып сөз алған оқу жұмысы жөніндегі проректор Мұрат Кәдесұлы қатысушыларға қарашаңырақты зор мақтанышпен таныстырып өтті. “ҚазҰУ-да 16 мың студент, 14 факультет, 13 жатақхана, 7 ғылыми зерттеу институты бар. 500-ге жуық жоғары оқу орынымен әріптеспіз. Ең ақылды, ең дарынды оқушыларды өз төрімізде қабылдап отырғанымызға аса қуаныштымыз. Сіздерге қарашаңырақтың есігі айқара ашық. Бүгінгі күн жүректеріңізде жылы әсер қалдыратынына сенемін”, – деп жалынды құттықтауын жолдады. Әрі аталған шараны ұйымдастыруға қол ұшын берген облыс, аудан орталықтарындағы білім мекемелерінің басшыларына алғысын жеткізді. Жеңімпаздар сахна төріне шақырылып, қошеметке ие болды. Әр пән бойынша университеттегі сәйкесінше факультет декандары, декан орынбасарлары, елге танымал профессорлар ыстық лебіздерін білдірді. Барлығы да университеттің басты байлығы білімді жастар екендіктерін атап айтты.

(Жалғасы 4-бетте)

Бүгінгі оқушы – ертеңгі талапкер, ал бабы мен бағы қатар шапса, болашақ студент. Сондықтан да болар, “Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ” дегендей орта мектеп пен жоғары мектептің арасы екі-ақ адым саналатыны. Бұл мәселені ҚазҰУ басшылығы жете түсініп келеді. Осы орайда, 8 сәуір күні Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Бақытжан Жұмағұлов пен Алматының мектеп директорлары, үздік мұғалімдері арасында кездесу өтті. Басқосуға 1500-нан астам мектеп өкілдері, қалалық білім беру департаментінің қызметкерлері қатысты.

## Оқушы – талапкер – студент үштігі немесе болашаққа серпінді қадам



Жетекші ұлттық университет мұрындық болған мұндай ауқымды кездесу тұнғыш рет өткізіліп отыр. Демек, ортаға салар ойлар мен алмасар пікірлер аз емес. Кездесудің де негізгі мақсаты әріптестіктің жолдары мен мәселелерін іздеу, мектептер мен ЖОО арасындағы қарым-қатынастың әдістемесін жасау еді. Себебі, еліміздің көшбасшы университетінде білім берудің бүгінгі бағыттары оқушылардың мектеп қабырғасынан осы үдеріске араласуын талап етеді деп санайды.

Бұрнағы жылдары мектеп пен университет арасындағы байланыс көбінесе ашық есік күндерін өткізумен ғана шектеліп келгені белгілі. Ал білім ордасын бір күндік таныстырумен іс бітпейді. Осы орайда, екі тарап арасындағы қарым-қатынас қазақстандық білім контек-

сіндегі көптеген шешімін таппай жүрген сұрақтарға жауап іздейтіні сөзсіз. Бұл ұстаз білімін жетілдіруден бастап оқушының мамандық таңдауға дейінгі сан қырын қамтиды. “Мына баланы мен таптым ба, сен таптың ба?” деп бір-бірімізге сілтегеннен ештеңе ұтпаймыз. Сондықтан нақты іс шараға көшер кез келді. Әсіресе “Мұғалім – мектептің жүрегі” деп бекер айтпаған. Ендеше ұстаздар біліктілігін арттыруда университеттің алар орны зор. Өйткені, қарашаңырақта 2000-нан астам профессор-оқытушылар құрамы қызмет етеді. Олардың 300-і ғылым докторы, 800-і ғылым кандидаты, 6-уы Жоғары мектеп халықаралық ғылыми академиясының академигі, 27-сі ҚР ҰҒА академигі, 21-і ҚР еңбек сіңірген қайраткері.

(Жалғасы 2-бетте)

санда:

БҮГІНГІ

Шығыстану  
факультетіне  
20 жыл



2-бет



Өркен

Газет ішіндегі  
студенттер газеті

5-8-беттер

Сандар  
сыр  
шертеді



8-бет





Халықаралық ынтымақтастық



## ҚазҰУ мен АҚШ арасы жақындай түсті

**23 сәуірде Қазақстан Республикасындағы АҚШ-тың төтенше және өкілетті елшісі Ричард Хоугланд қарашаңыраққа қадам басты. Мәртебелі мейманның ҚазҰУ ректоры, академик Б.Т.Жұмағұловпен кездесуі және университеттің халықаралық қатынастар факультетінің Америкатану студенттер ассоциациясының отырысына қатысуы Елшінің Алматы қаласындағы жоспарланған сапары аясында жүзеге асты.**

Қазақстан Республикасындағы АҚШ-тың төтенше және өкілетті елшісінің жетекші университетке келуінің өз негіздемесі бар. Өйткені, ҚазҰУ көптен бері білім беру, студент алмасу және шет тілдерін оқыту саласында Оклахома, Колорадо, Висконсин-Мэдисон, Аризона, Канзас, Покателло, Техас медицина университеттерімен және тағы басқа АҚШ-тың жоғары оқу орындарымен байланыс орнатқан. Осы байланыстарды нығайту нәтижесінде соңғы үш жыл көлемінде ҚазҰУ-дың 24 студенті тілдік тәжірибеден өтуге, 13 PhD докторанттары ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқаруға, оқытушылық-профессорлық құрам мен қызметкерлердің 24-і халықаралық конференцияларға қатысып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында АҚШ-қа іс-сапармен жіберілді.

Ричард Хоугланд мырзаның бұл келуі ҚазҰУ мен АҚШ университеттері байланыстарының ары қарай нығайуына, сонымен қатар екі ел арасындағы ғылыми және мәдени ынтымақтастық дамуына оң ықпал болғаны сөзсіз.

Кездесу барысында ҚазҰУ ректоры Б.Т.Жұмағұлов қонақты білім беру саласындағы мемлекеттік саясат ерекшеліктерімен таныстырды. Жоғары білім берудегі математика, информатика және нанотехнологиялар саласындағы инновациялық үрдістер және ҚазҰУ-дың АҚШ білім беру мекемелерімен ынтымақтастығы айтылып, қарашаңырақтың Болон үдерісіне ену жолындағы жетістіктері баян етілді.

Елшінің бұл сапары Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енудегі реформалау жетістіктерін мойындауы, сондай-ақ АҚШ-тың Қазақстанмен ынтымақтастығын кеңейтуге талпынуының белгісі болып табылады.

Өз тілшімізден

## Дни польских университетов в Казахстане

**5-8 апреля 2009 года в Алматы и Астане в рамках государственной программы «Путь в Европу» прошли «Дни польских университетов», организованные Посольством Казахстана в Польше и Польским Образовательным Фондом «Perspektywy», который занимается продвижением польских вузов за рубежом. «Дни польских университетов» в Алматы состоялись в главном вузе страны - Казахском национальном университете им. аль-Фараби.**

В рамках этого события, впервые организованного в истории двух стран, в Казахстан прибыла польская делегация из 10 лучших университетов и представители власти Варшавы, столицы Польши. В составе делегации - ректор Варшавского политехнического университета Владимир Курник, заместитель мэра Варшавы Владимир Пашиньски, Президент Образовательного Фонда «Perspektywy» Вальдемар Сивиньски, а также генеральный консул Республики Польши в Казахстане Томаш Вельгонас и представитель МИД Республики Казахстан Маргулан Баймухан, который и сам является выпускником одного из университетов Варшавы.

Сотрудничество польских вузов и КазНУ было налажено в 1998 году. За это время подписано шесть соглашений и меморандумов в сфере науки и образования. Только в 2008 году девять преподавателей КазНУ участвовали в международных конференциях в Польше. В рамках программы подготовки докторов философии PhD

в вузе читали лекции ведущие ученые этой страны.

- Организация «Дней польских университетов в Казахстане» является доказательством того, что польское академическое сообщество уверено: в партнерстве с учеными из Казахстана можно реализовать много интересных образовательных и научных проектов, - подчеркнул глава польской делегации профессор Владимир Курник, ректор Варшавского политехнического университета. - Поэтому польские университеты заинтересованы в том, чтобы завязать тесные контакты с учебными заведениями Казахстана.

Польское высшее образование пользуется авторитетом на международной арене. Система образования Польши считается одной из лучших в Европейском Союзе. Самому старому польскому вузу - Ягеллонскому университету в Кракове - более 650 лет! Сегодня в Польше действуют более 400 вузов (государственных и частных), в которых обучаются около 2 миллионов

студентов. Особенно славятся на международной арене польские технические вузы, первенство среди которых принадлежит Варшавскому политехническому университету. Из года в год в польские университеты приезжают все больше иностранных студентов, которые могут выбрать предметы обучения как на польском, так и на английском языке. Как отмечали представители Польши, студенты из Казахстана очень талантливы и способны в изучении языков, они легко и сравнительно быстро овладевают навыками польского языка.

Полномочный представитель ректора по связям с Казахстаном научно-технического университета имени Ст. Стащица из Кракова Станислав Лучински назвал КазНУ родной альма-матер. Он является выпускником КазНУ, в 1981 году защитил кандидатскую диссертацию по механике жидкости газа. С. Лучински отметил, что их вуз тесно сотрудничает с механико-математическим факультетом КазНУ. Он вручил сертификаты двум докторантам этого факультета, проходившим стажировку по программе ЮНЕСКО. «Мы заинтересованы в увеличении числа студентов, обучающихся по программе «Болашак», а также в прохождении нашими студентами стажировок на казахстанских предприятиях», - сказал представитель Польши.

Жанар ЖАНСЕИТ

## Германия Бундестагының мүшесі ҚазҰУ-да

**13 сәуірде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Германия Федеративтік Республикасы Христиандық Демократиялық-Христиандық Социалистік Одақ парламенттік фракциясының жетекшісі Манфред Грунд іс-сапармен келді. Сапар барысында ол университет ректоры академик Б.Т.Жұмағұловпен кездесті.**

Германияның жетекші партиясы парламенттік фракциясы басшысының Қазақстанға сапары Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жариялауымен, одан кейін өзі ашқан екі мемлекет арасындағы саяси-экономикалық, мәдени өріптестікке жаңа серпіліс берген Германиядағы Қазақстан жылы және 2010 жыл Қазақстандағы Германия жылының шеңберінде жүзеге асып отыр.

Басқосуда екі жақ саясат, экономика

және білім беру мәселелері төңірегінде пікір білдіріп, Манфред Грунд Қазақстан мен оның Президентінің аймақтағы тұрақтандырығыш фактор ретіндегі қызметін ерекше атап өтті. Ол кезінде Қазақстанда 1 миллионнан астам немістің пана тапқанына тоқталып, Германия үкіметі атынан қазақ халқына алғысын білдірді. «Бүгінде Қазақстаннан көшіп келген немістер Қазақстанмен байланыстарын үзбеуде, бұл екі ел арасындағы экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нығайуына негіз бола алады. Біз үшін Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы көпір іспеттес», - дейді неміс Бундестагының мүшесі.

ҚазҰУ ректоры академик Б.Т.Жұмағұлов қонақты білім берудегі мемлекеттік саясат ерекшеліктерімен, жоғары білім берудегі математика, информатика, био- және нанотехнологиялар саласындағы инновациялық бағыттармен және университеттің Болон үдерісіне ену жолындағы жетістіктерімен таныстырды.



Қонақты толғандырған сауалдарға жауап бере отырып, ҚазҰУ ректоры Қазақстан үкіметі студенттердің білім алу мен оның ақисын төлеуде туындайтын қаржылық мәселелерін шешу мақсатында қабылдаған шаралары жөнінде баяндап берді.

Кездесу соңында ХДО/ХСО парламенттік фракциясының жетекшісі өзінің Қазақстан мен Германия арасындағы қарым-қатынастар бойынша пікірталастар ұйымдастыру жөнінде Германия Парламентіне жолдау дайындауға қатысатынын және оған бұл кездесулердің өз үлесін қосатынын айтты. Манфред Грундың айтуынша, бұл жолдауда Қазақ ұлттық университетімен өріптестікті нығайтудың даму көкжиектері белгіленбек.

Жанар ДӘУРЕНБЕКОВА

## Тұманды Альбион елінің тартуы

**Жуырда Ұлыбританияның Ньюкасл университетінің профессорлары Кристофер Филипп пен Пол Ежичелван ҚазҰУ-дың ректоры Бақытжан Жұмағұловтың жеке қабылдауында болып, оқу жұмысы жөніндегі проректор Мұрат Орынхановпен және академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Гүлнар Балақаевамен кездесті. Сонымен қатар, ЖОО-ның оқытушылық-профессорлық құрамымен және студенттерімен жүздесіп, әңгімелесті.**

Қазірде көптеген басқосулардың басы әлемді жаулаған экономикалық дағдарыспен басталып жатқаны белгілі. ҚазҰУ-дағы кездесу де осы әлемдік мәселенің шешу жолдарынан басталып, ондағы білім берудің қабілеттілігі жөніндегі тетіктерге ойысты.

- Қазіргі тұрмыста дағдарыс сезілгенмен, университеттерге тиімділігі әлдеқайда көбірек тиіп жатыр, - дейді Ньюкасл университетінің ғалымдары. Олар Ұлыбританияда көп адамдардың жұмыстарын тастап, университеттерде білім алуға талпынып жатқандығын айтады. Бүгінгі күннің өзекті саласы информатика болғандықтан, ғалымдар осы сала бойынша ғылыми байланыстар орнатуға да күш салып отыр.

PhD бағдарламасы бойынша ҚазҰУ-да докторанттарды дайындайтын білікті профессорлар құрамында келген Ньюкасл (New Castle) университеті ғалымдарының әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшыларымен болған кездесуі негізінде осы мәселелер төңірегінде өрбиді. Кристофер Филипп ҚазҰУ-ға келген соңғы сапарынан бері өткен қысқа мерзім ішінде университеттің үлкен белестерге қол жеткізгендігін жеткізді. Осы кездесуде олар кредиттік технологияның жетістіктері мен оқу жүйесіндегі Интранеттің жұмысын талқылады. Мұндай жүйе Ньюкасл университетінде де қолданылады екен. Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, бұл студенттердің жұмыс бабын бақылап отырмағандықтан және

мониторинг жүргізуге қолайлы. Математик ретінде Кристофер Филипп математика-студенттеріміздің теориялық дайындықтарын ерекше атап өтті. Қазақстандық студенттердің математика мен информатика салаларына деген икемділігі, кәсіби ортадағы жоғары біліктілігі, ғылымға деген құлшынысы шетелдік ғалымдарды педагог ретінде таңғалдырды. Ғалым тәжірибе алмасу үшін өз кезегінде ҚазҰУ-дың докторанттарын Ньюкасл университетіне шақырды.

Ағылшын профессорлары Ұлыбритания мен Қазақстан ғалымдарының қарым-қатынастары екі жаққа да тиімді екендігін айтады. «Ғылымның кейбір саласын сіздер бізден жақсы меңгергенсіздер. Сондықтан біз де сіздерден үйренуге тырысамыз» дейді қос ғалым.

ҚазҰУ басшылығы қонақтардың сауалдарына жауап бере отырып, университеттің теоретикалық математика саласындағы ілгерілеуін, теория мен тәжірибені ұштастыруға ерекше көңіл бөлетіндігін атап өтті.

«Біздің ғылыми мектептеріміз тәжірибе жинақтап, бүгінгі таңда экономика саласында туындап отырған мәселелерді шешуге бет бұрып келеді», - деді жетекшілік.

Ньюкасл университетінің тағайындауымен магистратура курсына арналған Білім беру бағдарламасының директоры профессор Пол Ежичелван жоғары деңгейлі ғылыми конференциялар мен журналдарға арнайы рецензент ретінде жиі шақырылады. Профессордың айтуынша, шет елдерде ЖОО-ның дәрежесі ғылыми журналдар мен жетекші баслымдар бетінде жарияланатын материалдардың саны мен жиілігіне байланысты анықталады. ҚазҰУ-да білікті мамандар дайындайтындығын ескере отырып, Пол Ежичелван студенттер, магистранттар мен докторанттар өзірлеген ғылыми жұмыстардың нәтижелерін дүние жүзіндегі ең беделді ғылыми журналдарда жариялауға септестік ететіндігін айтты.

Өз тілшімізден



■ **Қабілеттілік**

# Мектеп мақтаныштары қарашаңырақта

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал сертификаттар Студенттер сарайының залындағы әр факультет стендтерінің алдында табысталды. Бұл болашақ мектеп түлектеріне университетіміздің тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысуға жол ашқаны сөзсіз. Стенд жанында жиналған жұршылықтың жанына біз де барып, қуаныштарымен бөлістік.

**Асхат Лебаев, Шымкент қаласының №8 мектеп “Дарын” гимназиясының оқушысы:**

— Мен математика пәнінен қатыстым, берілген бес есепті де шығарып бірінші орынды алдым. Қойылған сұрақтар орынды. ҚазҰУ сапалы білім беретін бірде-бір жоғары оқу орны деп білемін. Енді ҚазҰУ-дың қалашығын да көріп, қайран қалып отырмын.

**Жадыра Шүйеншинова, Алматы облысы, Іле ауданы, Чапай ауылы, №10 мектеп:**

— Әдебиет бойынша 100 тапсырма берілді. Оның 50-і жазбаша жауап беретін сұрақ, 50-і тест түрінде. Байқау өділ өтті. Үш жарым сағатқа



созылды. ҚазҰУ-ды бірінші рет көріп тұрмын. Шынын айтсам, ұмытпастай әсер қалдырып отыр. Болашақта тандау парақшамдағы тізімнің біріне ҚазҰУ-ды жазатыным анық.

**Қызайбекова Гүлмира, Талдықорған қаласы, ата-ана:**

— Университетті өз көзімізбен көріп, танысып көңіліміз жайланып қалды. Балаларымыз үшін де жоғары оқу орындарына түсуге сынақ жақындап қалғанда тәжірибе жинауға оңтайлы шара болды

деп санаймын. Дегенмен, байқау алдында жеңімпаздарға арналып грант бөлінеді деген еді. Бүгінде ол жайында сөз қозғалмады. Ал сертификаттын оқуға түсуде пайдасы бола ма екен?

**Пәникул Есқожаева, “Жаңа ғасыр” мектеп гимназиясының мұғалімі:**

— Мұндай байқаулар оқушыларды ынталандыруға өз үлесін қосады. Мектепті енді ғана бітіріп жатқан түлектердің алдында сан түрлі сынақтар күтіп тұр. Оның алғашқысы

болашақ мамандығын жаңылмай дұрыс тандау. Сондықтан, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұйымдастырған пәндік олимпиада мектеп оқушыларына мамандық тандауға көмектеседі.

Қарашаңыраққа қадам басқандар бұл күні марапатқа ғана ие болған жоқ. Университеттің көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысымен де танысты. Қонақтар үшін ҚазҰУ сахнасында “жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар” студенттер өз өнерлерін сыйлады. Жеткіншектер қарашаңырақ тек білім мен ғылымның ғана емес, сонымен қатар өнерлі жастардың киелі ордасы екендігіне көздері жетті. Көңілді тапқыштар клубының өзілдері езуге күлкі үйірді. Классикалық, заманауи билердің сан түрі көрермен назарын өздеріне аударды. Орта мектеп оқушылары жоғары мектеп студенттерінің өніне өз үндерін қосты. Олар да енді болашақта ҚазҰУ-дың дамуына жана леп әкеледі деп сендік біз.

Пәндік олимпиаданың қорытынды кеші өткенімен, шара жөніндегі алып-ұшпа көңілдер әлі басылған жоқ. Студенттердің

мансабы мен контингентін қалыптастыру бөлімінде әлі де сертификаттар өз иелерін күтіп жатыр. Олар әр облыстың білім департаменттеріне жолданбақ. Жоғарыда аты аталған бөлім бастығы Рысхан Жаханқызы да біраз жайттан сыр айтты. “Ең алғашқы сынақ Боралдайда өтті. Алматы, Шымкент қалалары қатысқан оқушылардың белсенділігі жағынан алдыңғы қатардан көрінді. Сертификат беретін жеңілдіктер жайында айтсақ, егер жеңімпаздар біздің университетке тапсыратын болса, байқау барысында артықшыларға ие болмақ. Өздеріңіз білесіздер, оқушылар арасындағы пәндік олимпиада биыл бірінші рет өткізілді. Қаталдау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Болашақта артықкемін түзеп, өзгертулер енгізе жатармыз”, — деді ол.

Пәндік олимпиаданың оқушылар үшін ғана емес, қарашаңырақ үшін де маңызы зор. Себебі, университеттің басты байлығы — білімді студент. Ендеше аталған байқауды келешекте жетілдіре түсу екі тарап үшін де қажет шара.

**Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ**

■ **Юбилей**

## ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОГО ПЕДАГОГА

20 апреля 2009 года в актовом зале механико-математического факультета КазНУ им. аль-Фараби состоялось торжественное заседание «Научное и педагогическое наследие профессора А.З.Закарин», посвященное выдающемуся ученому-математику и педагогу, организатору науки и образования, видному государственному деятелю Казахстана, профессору Аскарму Закарьевичу Закарину.



А.З.Закарин родился в декабре 1908 года. Окончил Московский государственный университет им. М.В. Ломоносова. Он был первым казахом-выпускником механико-математического факультета МГУ.

Жизненный путь профессора А.З.Закарина — это путь самоотверженного служения своему народу, большие победы в профессиональной сфере, и длинный список огромных достижений:

1937 г. - 1941 г. — преподаватель Казахского педагогического института им. Абая;

1941 г. - 1946 г. — участие в Великой Отечественной войне против фашистской Германии и милитарист-

ской Японии (награжден боевыми орденами и медалями);

1946 г. - 1950 г. — продолжение научной и педагогической работы в КазПИ им. Абая;

1948 г. — защита кандидатской диссертации по высшей геометрии;

1950 г. - 1953 г. — директор Казахского педагогического института им. Абая;

1953 г. - 1955 г. — ректор Казахского государственного университета им. С.М.Кирова;

1955 г. - 1958 г. — министр просвещения Казахской ССР;

1958 г. - 1961 г. — заместитель председателя Совета Министров и министр иностранных дел

Казахской ССР;

1961 г. - 1970 г. — ректор Казахского государственного университета им. С.М. Кирова;

1964 г. - 1970 г. — председатель Верховного Совета Казахской ССР;

1970 г. - 1984 г. — профессор, заведующий кафедрой высшей геометрии КазГУ им. С.М. Кирова.

На протяжении всей жизни Аскар Закарин достиг больших высот в сфере своей деятельности, что никак не могло не отразиться на страницах истории нашего образования. Ведь благодаря его дальновидности, умению делать анализы и принимать нелегкие решения были открыты новые кафедры гидробиологии и ихтиологии, метеорологии, высшей математики, русской филологии, гидрологии суши, физики твердого тела и другие. факультет повышения квалификации преподавателей высших учебных заведений, философско-экономический факультет, студенческое литературное объединение имени М.О.Ауэзова, общество «Семь муз».

А.Закарин был, есть, и будет считаться большой личностью для своей Родины, ведь факел знания в его руках горел пламенем, и он с гордостью передал эстафету новому поколению.

К концу торжественного заседания выдающегося деятеля была украшена презентацией книги «Аскар Закарьевич ЗАКАРИН».

**Шынар УСКЕМБАЕВА**

■ **Бәсеке**

23-сәуірде ҚазҰУ-да «Ғылым әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың ІІІ Халықаралық конгресі басталды. Ғылым додасында бәсекеге қабілетті маман даярлауға негіз болатын бұл игі шара 30-сәуірге дейін жалғасады.

## ҒЫЛЫМҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

Жас ізденушілердің басын қосатын аталмыш конгрестің мақсаты білімгерлердің ғылыми ізденістері мен танымдық деңгейін арттыру болып табылады.

Осымен үшінші кезек өткізіліп отырған халықаралық конгресте жаратылыстану-техникалық ғылымдар, әлеуметтік-гуманитарлық және педагогика салалары бойынша бөлімдер жұмыс атқарып, осы атаулар бойынша жас ғалымдардың білім деңгейі таразыланбақ.

Халықаралық конгреске қазақстандық білім ордаларының студенттерімен қатар шетелдік ЖОО-дан 2700 ғылыми ізденуші, магистранттар және жас ғалымдар қатыспақ. Атап айтар болсақ, ҚазҰУ ізденушілерімен бірге мұнда М.В.Ломоносов атындағы ММУ, Байқоңыр қаласынан Мәскеу авиация институтының «Восход» бөлімшесі, Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, ҚБТУ, ҚазҰАУ, ҚазМЗУ, Д.Қонаев атындағы Университет, АТУ, Т.Рысқұлов атындағы ҚазҰУ сияқты белді білім шаңырағының жастары өзара ғылым сайысына түседі. “Ғылым әлемінде” қатысушылар өздерінің жаңалықтарымен бөлісіп, ғылыми жобалардың тұсауы кесіпмек. Мұндай жобалар университеттегі факультеттердің өзіндік ерекшеліктері-

мен орын аламақ. Мәселен, бүгінгі таңда өзектілікке ие болып отырған «Протон» І-ші дәрежелі зымыран баспалдақтарының құлаған жеріндегі жер бетінің зақымдануын болдырмау және технологияларды өзгерту», «Квази-биологиялық негізде ақпаратты шығару тәсілдері», «Алмаз тәрізді құрамында көміртегісін бар нано-кластер күмісінің аморфты пленкаларының құрылымы және оптикалық белгілері», «Қазақстанның экологиялық мәселелері және оны шешудің жолдары» сияқты ғылыми жаңалықтар жарық көрмек.

Жалпы Конгрестің 100 секциясында теориялық, эксперименталдық және қолданбалы сипаттағы ғылыми жұмыстар, сондай-ақ ғылымның әртүрлі салалары бойынша ғылыми жаңалықтар ұсынылады. Сонымен қатар Студенттер сарайында университет студенттерінің және жас ғалымдардың ғылым саласындағы жетістіктерінің көрмесі ұйымдастырылады.

Ғылымға қызығушылық танытқан жас өрендердің кездесуі барысында университеттің 75-жылдық ҚазҰУ тарихына арналған ғылыми баяндамалардың жалпыуниверситеттік байқауы мен 26 республикалық студенттік пән олимпиадалары да өткізіледі.



**«Ғылым әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың ІІІ Халықаралық конгресінің қорытынды жалпы отырысы мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 30 сәуірде Студенттер сарайында жүзеге аспақ.**

**Дайындаған Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**



# Өркен

Газет ішіндегі

студенттер газеті

## ҚазҰУ жастары қоғам дерттеріне қарсы



Қазақстан білімінің қарапанағырағы болып саналатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биыл өзінің 75-жылдық мерейтойын тойлауда. Осы орайда, университетте көптеген игі іс-шаралар атқарылып жатыр. Мұндай шаралардың бірі ретінде 2009 жылдың 11 сәуірінде заң факультетінің ұйымдастыруымен өткізілген «Жаһандану жағдайында трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылықпен және жемқорлықпен күресу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ерекше атап айту керек.

Оған еліміздің және бірқатар шет мемлекеттердің белгілі заңгер ғалымдары мен құқық қорғау органдарының басшылары қатысып, конференция тақырыбындағы қазіргі заманғы ең көкейтесті мәселелердің шешілу жолдары туралы өз болжамдарын ортаға салды.

Аталған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның шеңберінде ҚазҰУ-дың Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының алдындағы алаңында заң факультеті университеттің тәрбие бөлімімен бірлесе отырып, «Қазіргі жастар сыбайлас жемқорлыққа, нашақорлыққа және спидке қарсы» атты республикалық деңгейдегі акция өткізді. Акцияны заң факультетінің деканы з.ғ.д., профессор Д.Л.Байдельдинов ашып, өзінің баяндамасында акцияда дәріптелетін мәселелердің өте маңыздылығын, олардың ғасыр дертіне айналып отырғанын және мемлекетіміздің дамуына теріс әсер ететінін атап өтті. Бұл шараға Алматы қаласының экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің бастығы, полиция полковнигі А.С.Естаев, Алматы қаласының ішкі істер

департаментінің есірткі бизнесімен күрес басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Д.М.Мусанов, Алматы қалалық сотының қылмыстық істер алқасының төрайымы К.С.Бұқбаева, Алматы қаласының наркологиялық орталығының және спид орталығының өкілдері қатысып, жастарды сыбайлас жемқорлыққа, нашақорлыққа және спидке қарсы болуға шақыру бағытында өз баяндамаларын жасады. Университеттік және факультеттік деңгейдегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері де осындай тәрбиелік маңызы зор істің ұйымдастырылып, өткізілуіне өз үлестерін қосты. ҚазҰУ-дың барлық факультеттерінен келген акцияға қатысушы 800-ден астам студентке сыбайлас жемқорлыққа, нашақорлыққа және спидке қарсы жасалған көрнекі құралдар үлестірілді. Баяндамалар жасалып біткен соң, қалалық ішкі істер департаментінен арнайы шақырылған қызметкерлердің ілесіп алып жүруімен алаң ортасына екі жүз келіге жуық есірткі заттары жеткізіліп, олар жиналған көпшілік алдында жария түрде өртелді. Алаңға жиналған жастар «Біз ҚазҰУ-дың студенттері сыбайлас жемқорлыққа, нашақорлыққа, спидке қарсымыз», «Алматы – есірткісіз қала!» деп ұрандатты. Акцияның жүргізілуі барысын бірнеше республикалық және қалалық телерадио компанияларының өкілдері тамашалап, тиісті тұлғалардан сұхбаттар алды. ҚазҰУ-да ұйымдастырылған осы акция жастарға оң тәрбие беріп дұрыс жолға салатын, олардың отаншылдық сезімдерін күшейтуге ықпал ететін және еліміздегі басқа да ЖОО-ларға үлгі боларлықтай өте маңызды шара түрінде өрнектелгені ақиқат.

**Ақынқожа ЖӘНІБЕКОВ,**  
заң факультеті деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Ж.Ж.Руссо мен Ш.Л.Монтескье сияқты адамзат тарихындағы ұлы ойшылдардың теорияларына сәйкес, азаматтардың өз құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін ең биік қазына санайтын мемлекеттің ең дамыған идеалды формасы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам болып табылады. Құқықтық мемлекеттің белгілері ретінде азаматтардың жоғары құқықтық сауаттылығы мен құқықтық нигилизмнің болмауы қарастырылады.

## Студенттер сенатының заң клиникасы

Халықаралық қауымдастық алдында құқықтық мемлекет құруға бағыт алған Қазақстан да демократиялық қағидаларды басшылыққа алып келеді. Оған бұл басымдықтарды өз Ата Заңымыз – Конституцияда бекіткендігімізді мысал ретінде келтірсек те жеткілікті. Сондай-ақ, биылғы жылғы Елбасы жолдауында қаржылық, әлеуметтік бағыттармен қатар, құқықтық сауалдардың да басты арнада қарастырылғандығы белгілі. Мұны жүзеге асыруда тағы да ҚазҰУ студенттері алдыңғы сапта көрінуде. Соның бірі, Елбасы жолдауындағы айқын бағыттарды жүзеге асыру мақсатында заң факультеті студенттерінің бастауымен Студенттер сенаты жанынан ашылған Заң клиникасы.

Заң клиникасының 7 сәуір күні өткен ашылу салтанатына университетіміздің даму және құқықтық сауалдар бойынша проректоры Н.М.Ыбырайым, заң факультетінің деканы Д.Л.Байдельдинов, заң факультетінің профессорлары, кафедра меңгерушілері мен Студенттер сенатының белсенділері қатысты. Ашылу салтанатынан кейін заң клиникасының кеңесші студенттері тікелей сауалмен келген азаматтарға құқықтық кеңестер көрсетуді бастады. Сауалдар арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады: «енбек заңнамаларына сәйкес, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы өзара құқықтар мен міндеттер қалай қарастырылған?», «жұмыс ету уақыты мен демалыс уақыты қалай қарастырылған?», «тұтынушылар құқықтарын қорғауға байланысты ақаулығы байқалған заттарды қайта қайтарып беруге сатып алушының құқығы бар ма?», «мұрагерлік құқыққа байланысты тікелей мұрагерлер кім болып табылады?» және т.б. Аталған сұрақтарға кеңесші студенттер ҚР қолданысындағы заңнама нормаларына сәйкес, заң факультетінің оқытушы-ұстаздарымен бірлесе отырып жауап берді.

Егер де медицина тілімен «клиника» сөзін қарастырсақ, онда адамның төнін емдейтін

мекеме мағынасында болады, ал «заңгер мамандары клиникасының» басты мақсаты бүкіл қоғам дертін емдеу, алдын алу деп айтуға болады. Студенттер сенаты заң клиникасының негізгі міндеттері: Алматы қаласы тұрғындарына ақысыз негізде құқықтық кеңестер беру, құзыретті органдарға жіберілетін өтініштерді немесе басқа да актілерді, әмбебап азаматтық шарттар мен мәмілелерді жасасуда кеңестер



беру, азаматтар арасында ҚР қолданысындағы заңдарын түсіндіру.

Кеңестер келесідей құқық салалары бойынша көрсетіледі: қылмыстық, азаматтық, өкімшілік, әлеуметтік қамсыздандыру, енбек және т.б. Заң клиникасы қабылданған ережеге сәйкес, жетекшіден, заң факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын консультативті-кеңесші органы мен 10 кеңесші студенттен тұрады. Заң клиникасы консультанттары қатарында заң факультетінің үздік студенттері мен магистранттары өз қызметтерін атқаруда. Бұл қызмет олардың теориялық білімдерін тәжірибелік тұрғыдан шыңдау бағытында біліктілікті арттыру жағынан үлкен мүмкіндік береді. Аталмыш игі шара арқылы қарашаның білікті заңгерлер қауымы қашанда ел ертеңін ойлап, қазақ мемлекеттілігінің дамуына өзінің ерен еңбегін сіңіруге дайын екенін танытты.

Студенттер сенатының медиа офисі

## Бітіруші түлектер бос қалмайды

Әлем дағдарысты бастан кешіп жатқалы бері әр жерде жұмыссыздар саны күн санап өсіп келеді. Алайда, Қазақстан бұл келеңсіздікпен күн құрғатпай күресіп, жұмыссыздарды көбейтпес үшін барлық саланы қатаң бақылауға алған. Тіпті, Елбасы да бұл мәселені биылғы өз жолдауында негізгі арнада қарастырды. Дегенмен, қандай заман болса да сапалы кадрларға сұраныс азайған емес. Ал бұл, дәл қазіргі дағдарыс уақытында тәжірибелі маман сұрыптауда алға шықты десек те болады. Осыған байланысты 24 сәуірде Студенттер сарайында Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкенің ерекшелігі сол, ҚазҰУ-дың мансап секторы ұйымдастырған шарада жас мамандарға сұранысы бар көптеген қазақстандық жетекші мекемелер мен халықаралық компаниялар бас қосты.

Жас мамандар жәрмеңкеге қатысу арқылы қызмет орындарының ұсыныстарымен танысып, компаниялардың PR-менеджерлерімен әңгімелесті. Сондай-ақ олар, бос жұмыс орындарына өз түйіндемелерін тікелей қалдырып

кетуге де мүмкіндік алды. Айтар болсақ, ҚазҰУ әлемнің 400 ірі университетімен бірлесе жұмыс істейді. Осы орайда бұл ЖОО студенттерінің өзара білім алмасуға, ғылымның түрлі салалары бойынша сынақ мерзімдерін өткізуге және

халықаралық шәкіртақы алуға мүмкіндіктері бар. Яғни, ҚазҰУ бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда бакалавр-магистр-PhD докторант оқыту жүйелерін қолданады. Осы орайда, ҚазҰУ-дың түлегі кез келген шет елде қалаған мамандығы бойынша жұмыс істей алады. ҚазҰУ-мен екеуара келісім-шартқа отырған компаниялар студенттердің өндірістік тәжірибеден өтетін базаларын құрып, болашақта жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз ететіндіктерін де осы игі шарада мәлім етті. Сонымен қатар, бұл бас қосуға арнайы мамандар келіп ҚР Үкіметінің дағдарысқа қарсы бағдарламасы аясында ЖОО түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету және олардың әлеуметтік-саяси құқықта-

рын қорғау, кәсіби шеберлікті шыңдау жолдары сияқты шеберлік-дәрістерін оқыды. Тағы бір ерекшелік, жұмысқа орналасу барысында кепілдемесіз міндеттенуі сауатты жазу, менеджерлермен дұрыс әңгімелесу, кәсіби шеберлікке жету жолдары төрізді керек кеңестер де бұл шараның аясынан тыс қалмады. Экономикалық дағдарыс әлемді тығырыққа тіреп отырған кезеңде жұмысқа бірден орналасуға деген аландаушылықты аз да болса сирете білген жәрмеңкеде еңбек нарығы саласына қатысты арнайы семинарлар мен шеберлік-дәрістер өткізілді.

Жалпы университет жұмыс берушілермен қарым-қатынас орнатуды алдына мақсат етіп қойған. Осыған орай Мансап секторы,

Түлектер ассоциациясы, ҚазҰУ-дың жұмыс берушілер кеңесі құрылған болатын. Еліміздің үздік оқу ордасында «ҚазЦинк», «ҚазМұнайГаз», «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.», «ҚазАтомпром», «Адджип» және т.б. ірі компаниялардың сұраныстарына сай білікті мамандар дайындалуда. Университет сайтында Қазақстанның 200-ден астам беделді компаниясымен бірлесе жұмыс атқаратын Мансап секторының ұйтық болуымен, арнайы web-бет дайындалған. Бұл ақпарат беті арқылы түлектер компаниялардың бос қызмет орындарынан ақпарат алып, өз мүмкіндіктерін сынай алады.

Саятүл ӘЛІМБЕКОВА

Көгертейік ҚазҰУ-дың көсегесін  
Ассалаумағалайкум, ардақты ел!  
Киялын қияндарға жалғап білер.  
Пейілін дарияға ұқсап жатыр,  
Күт қонып, құзырына қызыр түнер.  
Толыпты 75 жас зулап күндер,  
Ұласып жүректегі ұран-үндер.  
ҚазҰУ-да алып білім ордасына,  
Тәңірім мәңгі өлместің ғұмырын бер.  
ҚазҰУ-да қанаттанған қырандарға,  
Көз жетті неше дүркін самғап, түлер.  
Ұрпақ үшін ойланар ұстаздар бар,  
Қам қылып күні бұрын білек түрер.  
Солардың қатарынан қалыспай тұр,  
Дайындық факультеті ұзақ күндер.  
Дайындап алғаш келген тындарманды,  
Жеке күнге жеткізді бағыт түзер.  
Әр елден келген қандас бауырларға,  
Құшағын құлай ашты қонағуар ел.  
Жасалды барлық жағдай студентке,  
Елінен үзбесін деп ешбір күдер.  
Танытып ұстаздық пәк мейірімін,  
Төкті апай мен ағайлар мандайлан тер.  
Жасалды келер күнге бағыт-бағдар,  
Қуғандай болмасын деп қанбақты жел.  
Білімнің көусарынан қанып ішіп,  
Ер жетті санатты қыз, талапты ер.  
Сапа менен мән беріп тәрбиеге,  
Толтырды өткенгі «актандықты» ел.  
Пидаусызға тыйым сап тұмар таққан,  
Халықпыз ақ-қараны аңдап жүрер.  
Еңбекшіл қос қолдардың арасында,  
Көк майса, гүлге оранды шандақты жер.  
75-тің жемісін көріп бүгін,  
Күн туды тәуба қылып мөз боп күлер.  
Президенттің бағдарын бетке ұстап,  
Ғылымға ат салысты жан-жақты ел,  
Білімге қазағымды жарытам деп.  
Бойына өшпес өнер дарытам деп,  
Ағалар күш сап жатыр халқараға  
ҚазҰУ-ды дипломын танытам деп.  
Бойында болса намыс, талғам мықты,  
Келер ұрпақ көтерер қалған жүкті.  
Алла атымен ант беріп жоғалтайық,  
«Бармақ басты, көз қысты» жалғандықты.  
Осындай игі ойлар өсе берсін,  
Тосылмай төтті лептер есе берсін.  
Шошымай шын білімнің жолын қусан,  
Шынына шығуға да төселерсін.  
«Бірлік барда тірлік бар» - дейді қазақ,  
Бірінді бірін көкке көтерерсін.  
Өшірмейік өлемнен атымызды,  
зуылдап айлар, жылдар өте берсін.  
Биіктеп егемендік мәртебеміз,  
Қазақтың таза саны еселенсін.  
Атағын бар әлемге әйгілі ғып,  
Көтерейік ҚазҰУ-дың көсегесін.

Маралбек ДОЛДЫХАН,  
шетел азаматтарына арналған дайындық  
факультетінің түлегі

### ҚазҰУ-ыма!!!

Ел тарихы ертені үшін шежіре ғой қайда да,  
Оқып қана қоя салар дүние емес ол, жай ғана.  
Мың тоғыз жүз отыз төрттің қантарында сол сынды,  
Тарихы зор нұрлы ҚазМУ ашты есігін айқара.

Ел басына түскен шақта нелер заман, қилы ұшқын,  
Бұл расында бастауы еді елім үшін игі істің.  
Жас балауса ҚазМУ аты алғашында лайық деп,  
Табылыпты есіміне қас большевик Кировтың.

Замананың қажаса да талай үшкір қырлары,  
Мәрт шаңырақ өз еңсесін еш мойымай шыңдады.  
Құлды әскер оқытқандай болды дерсін, жауға үстем,  
Студенттері ағылғанда ұлы соғыс жылдары.

Нәр алдың ба, еліңнің бай зор айбынды көгінен,  
Небір арыс сусындаттын үлгілі ошақ төрінен.  
Әлемнің сан еліменен байланысып бүгінде,  
Болашақтың іргесіне аяқ бастың кенінен.

Өркен жайып жас ұрпақты өрге асырар қалашық,  
Атыңменен өлемге паш шыға келдің жарасып.  
Тамыр алып тас бұғаулы зардабы мол ғасырдан,  
Талай жанға еш қапысыз жүріпсің-ау жол ашып.

Тәуелсіздік жылдарында нұрға толып бесігің,  
Жырға толып теңесіпті төрін менен есігің.  
Мандайына таңба қылды мәңгі өшпейтін ҚазҰУ-ым,  
Ұлы дала тағзым еткен әл-Фараби есімін.

Құрметі мол білім төрі, дарындылар кеніші,  
Мүмкін бе өзі, айтып біту тарихыңның тегісін.  
Биыл сенің туған күнің, биыл мейрам баршаға,  
Биыл сенің тағы да бір, тағы да бір жеңісін.

Жетпіс бес жыл өтті міне, тереңге өрлеп қазығың,  
Белшесінен басып өттің талай заман азуың.  
Жетпіс бес жыл білімнің көш ілгерісі атанып,  
Келіп жеткен мерейтойың құтты болсын ҚазҰУ-ым!!!

Эльвира АЙДАРХАНОВА,  
тарих факультетінің 3-курс студенті

Сезім бағындағы серуен  
Жер бетін басуда түнек,  
Сәулені қондырмай таққа  
Қаламның ұшына түнеп,  
Жүрегім қыдырды бақта  
О, әсем бақ екен бұл бір,  
Жүректі сенделтіп сынар.  
Жүректің көз алды күнгір,  
Ол, сірә, бақыттан шығар?!

Жалынан ұстатты бақыт,  
Куәгер осынау бау-бақ.  
Астында жақұтты тақыт,  
Жүрекке гүл өсті қаулап.  
Жұпарын бақыт – гүл шашты  
Исінен орнатты мүсін  
Ап-ащы қайғы мұң қашып,  
Төтті нұр торлапты жүзін.

Құлпырған нұрдан дәм татқан  
Жүреkte арман бар қандай?

Кездерін ішке қан қатқан,  
Ұмытты тез ол сормандай  
Кенеттен бұлт торлап көкті,  
Найзағай жер бетін іреп,  
Тамшы емес қаһарын төкті  
Сең соғып сенделді жүрек

О, мұңлық... айрылды ерте,  
Бақыт бар?... екен ол жалған  
Бақыттың ғұмыры келте,  
Қасірет қақпаны бар ман.  
Сезім бақ тепті оны сыртқа,  
Қаламым, сен оны түсің.  
Сабырлы болғанмен жұртқа,  
Өкініш өртеуде ішін.

Сен емес, сор оған енші,  
Арайлы сезімнің бағы!  
Енуге мүмкіндік берші,  
Ішіне тағы да, тағы...

Азамат ЕСБЕРГЕНОВ



**НАУРЫЗҒА АРНАУ**  
Алкалаған әлеумет,  
Азғана шыдап сабыр ет.  
Жиналған жұртын көрмекке  
Сіздерге сөлем бермекке.  
Өнерпаз келді көріңіз,  
Көргеннен кейін бұл тойдың  
Көрімдігін беріңіз.  
Осы тойдың жыршыңыз  
Бас бөйгесін алады  
Бұған халқым сеніңіз.

Тойға келген ағайын,  
Домбырамды алайын  
Ата дәстүр салтымен,  
Термелеп өнге салайын.  
Қуанышқа ортақ боп,  
Қазынаға қанайын.  
Өлен айтып сарнайын,  
Қызмет етіп талмайын.  
Той қызығын шалқытып,  
Танды таңға жалғайын.  
Наурыз тойда бүгінгі,  
Ақ тілеуді арнайын.

Ұлың өсіп бай болсын  
Құлының өсіп тай болсын  
Қыздарын өсіп қылықты,  
Жұлдызда болсын, ай болсын  
Ток етерін айтқанда  
Дәулетке сәулет сай болсын  
Жырлан маржан құрайын  
Шалқып бір тасып тұрайын  
Ақ тілеуді ендігі  
Көгермен жаққа бұрайын.  
Аталы сөзге иласып,  
Жамандықпен қимасып  
Өткен жақсы өмірден  
Сіз біздесіп сыйласып  
Ендігі тілек бөріне  
Жасына да көріне  
Наурыздатып той жаса  
Еліңнің көркем сөні де  
Үміт, арман ақталсын  
Өмірдің сол ғой мәні де!

Ербол ТҰРЫМБЕТОВ  
филология факультетінің 3-курс студенті

### ҚОШ КЕЛДІ, НАУРЫЗ!

Алаштың әр ұлын дос көрдім,  
Ашуын ақылға байлаған.  
Наурыз – Ақ анам, қош келдің,  
Көжесі қазанда қайнаған.

Самал жел беддерді сабайды,  
Қыз көктем ақ ару бейнелі.  
Ғашықпын ақ көктем көркіне,  
Шабыттың таусылмас бұлағы.  
Сен қанша салсаң да тепкіне,  
Сөнбейді сезімнің шырағы.  
Шырқалса шырынды өн асқар,  
Қызғалдақ билеген бөктерде.  
Мен кеше асыққа таласқам,  
Осындай шуақты көктемде.

Әз жұртым шаттығың таусылмай,  
Тірлікте ал болсын қайғың кем.  
Мен алғаш жігіт боп көктемде,  
Тақымдап астыма тай мінгем.

Арықбай БАҒАШАР, филология  
факультетінің 1-курс студенті

### ҚазҰУ-ға сыр

Бақытты әркім әрқалай ұғынады,  
Ұғынады,  
Сырын ашып біткен жоқ мұның әлі.  
Бақыт деген байлықтың астында деп,  
Байлықты іздеп өрнеге құнығады.

Заман жақсы, қазағым көктеген күн,  
Көктеген күн,  
Күн құшып, гүлі көктеп көк төбеннің.  
Бақыт деген мен үшін сол бір күндер,  
Топшанды ашып, есігіне беттеген күн.

Кіндігісін білімнің алтын ұям,  
Тегіннен санатты ұрпақ таратылған.

Бір кезде болып тұрдың таңғы елесім,  
Әлденесім,  
Алда күнде көрерміз әлде несін?  
Көгеріп көсегесі құт ұямның,  
Бағындырсын өлемнің сан белесін.

Жұпсыз тақпай әркімнің арына мін,  
Сағынамын,  
Бала күнді бақытты сағынамын.  
Бақыт деген сағыну сол күніңді,  
Тылсым әсер қалдыру жанына мын.

Білім ордам білімнен жаратылған,  
Дара тұрған,  
Нұрын сеуіп әлемге қанатыннан.

Өтер көктем, ай мен жыл, таласып күн,  
Жарасып мың,  
Сен арманым шарықтап дара шықтың.  
Бақыттымын, шынымен, бақыттымын,  
Бөлігімін ҚазҰУ – дай қалашықтың.

Сыр тартсам қарт шежіре беттерінен,  
Тараппыз қасиетті Көк бөріден.  
Бөрідей қайсар өскен түрік бабам  
Келеді Алтай тауы бөктерінен.

Түркілер кең аумақта шашыраған,  
Болсыншы қайда жүрсен басың аман.  
Көк түрік, хас бөрінің ұрпағымыз,  
Кезеңде небір қилы жасымаған.

Түркілер – сак сарқыты, ғұн ұрпағы,  
Көгіңде желбіресін туың тағы.  
Бар шығар бойымызда Қорқыт, Еділ,  
Күлтегін, Тонықкөк пен Бумынь қаны.

Кавказ бен Сібір, Орал, Ирандағы,  
Балқан мен Анадолы, Тұрандағы  
Көпірі қос құрлықтың түркі жұрты,  
Бізге достық өкелсін күн алдағы.

Фараби, Яссауидың тұқымымыз,  
Темірге тартқан болар бітімміз.  
Мамлюктер, янычарлар түркілердің  
Ұрпағы деуге де әбден құқылымыз.

Төңті етіп, дүйім жұртты бірлігіне,  
Сеп болып, жат алдында бір-біріне.  
Күн кешсең исі түрік балалары  
Бабалар риза болар тірлігіне.

Ерболат МАНАПҰЛЫ, философия және  
саясаттану факультетінің 2-курс студенті



**Сәуір айының оныншы жұлдызы. №17 жатақхана.**

Тіл мен сөзді қадірлеп, ата салттың арқа жібін үзбейтін – филология факультеті. Бұл күнде, 75 көктемді басынан кешіріп, талай ғалымдарды мөпелеп өсіріп, 75 жыл биікте өн салдырып, 75 жыл білімнің ордасы болып, 75-ші көктемнің наурызын тойлап отырған филологтар екені тағы бір қуаныш.

Сәлем бердік! Жас Наурыз – Жылдың басы!

Жұрттың күткен мінекей ықыласы.

Көжесін қып, күйбеңдеп, басын асып,

Бермек әркім барынша қонақасы, – деп рухани көсеміміз А.Байтұрсыновтың жырын арқау ете отырып, мерекені берекеге ұластырған Мәлдір мен Дастанның жүргізген кеші әсерлі басталды.

«Наурызда табиғат қана емес, адамзат та өзгереді. Бұл жерге салт-дәстүрін сыйлайтын, патриот жастар келіп отыр. Студенттер кеңесі мен мәслихатының өткізіп жатқан мерекесі кімді де болса бейжай қалдырмасы анық. Мақсат жастардың рухын көтеру. Жаңа жыл оқуда, дос табуда бәріне бірынғай жаңалық, табыс әкелу екендігімен ерекшеленсе керек-ті» деп, жыл басының жарқындығын көрсете білген факультет деканы Қансейіт Әбдезұлының лебізі талайдың жүрегіне көктемнің жылы шуағындай нұр құйды.

«Наурызнама», «Наурыз-әуен», «Ата-салтым ардақты», «Ұлттық би жарысы», «Ұлттық ойындар» деп бөлінген бес кезеннен тұратын мерекелік думан кезен-кезеңімен астарлы да, мағыналы көрерменге тарту етілген сый болды.

Арқалы ақын студенттері Бағашар Арықбаев, Мұратхан Жырдаң шашу шашса, Естай Шерияздан мен Алмас Найманбаев күй күмбірлетіп, «Қызғалдақ» пен «Бәйшешек» би тобының еліктей қыздары «Жез киік» пен «Акку» биін биледі. Ертай Сұлтан, Арман Серіков, Айгүл Ахметова, Ербол Бұрымбетов сынды күміс көмей әншілер өнін әуелетіп, көрерменді еліте жөнелді. Бірінші курс студенттерінің «Студенттердің қызықты бір күні немесе тұсаукесер рәсімі» атты театрландырылған көрінісі қазақы дәстүрімізді айғақтап, ата-салтты ардақтайтындығын көрсетті.

Сонымен қатар, II, III, IV курс студенттері жарғы салу, қыз ұзату, беташар рәсімдерін алға тартты. Бүгінгі қайсар жігіттердің күшін сынастырып, ұлттық ойынның ұлылығын әспеттеген IV курс студенті Нұрболат Әлдибек «Қолжүрес» ойынын ұйымдастырып, бірді жығар білектілерді шақырды. Бұл жарыста топты жарып, батыр білекті қазақтың ұрпағы екендігін көрсете білген IV курс студенті Алмас Найманбаев қарсыластарын басып озды.

Айтулы мерекенің өтуіне демеушілік көрсеткен деканат ұжымына студенттер алғысын білдіреді. Бабалар жырын балқытып, ақындары ардақтаған филологтардың Наурыз мейрамы осылай төмамдалды.

**Сәуір айының он жетінші жұлдызы. №5 жатақхана**

Өзі би, өзі шешен болған, «төртінші билік» өкілдері журналистика факультетінің «Наурыз – сезім, наурыз – той»



## Ән әуелетіп, күй күмбірлетіп...

Қазақта «Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасапты» деген сөз қалған. Расымен. Оған дәлел ҚазҰУ-да өткен Ұлыстың ұлы күнін атап өту дәстүрі. 22 наурыз бен 22 сәуір аралығында ҚазҰУ қалашығы ән әуенімен өрленіп, бидің құдіретімен сезімге бөленіп, асқар шыңның аясында, көктеммен бірге көріктене, жалынды жастарымен жасамыстана түсіп, көңілдің кілтін еріксіз бұрай түсті. Сол орайда, тойды тойға ұластырған тұғырлы үш факультеттің наурыз думан тойында қонақ болып, үлкен мәдени шараға куә болдық.

Әз наурызды студенттер қауымы шыдамсыздана күтті. Себебі, қазақтың жаңа жылы Наурызда өнер көрсетіп, тіл үйірер көжесі мен ұлттық тағамдарынан ауыз тию, олар үшін үлкен бақыт емес пе?! Дәл солай болды да...



атты думанды кеші нағыз тойдың төресі болды. Ауа-райының өзі де дәл Наурызды күткендей шайдай ашылмасы бар ма?! Ұстаздарымыз ұлттық киіммен келіп, тойымызды көріктендіре түскенінің өзі бір ғажап екен. Қазақы дәстүрімізді сақтаған журналист студенттер ұйымдастырған той нағыз казактың тойынан артық түспесе кем түскен жоқ.

Аталы жұрттан бата қалған ба?! Абдул-Хамит Мархабаевтай еңселі қарт ұстазымыздың өнегелі ұрпаққа айтқан батасынан кейін өз сарынымен тойымызды бастап жібердік.

Той: «Уа жамағат! Бүгін біздің журналистика факультетінде ұлан асыр той болмақ. Бұл тойды көрген де арманда, көрмеген де арманда. «Наурыз – сезім, наурыз – той» атты думанды тойымыздың қонақтары қош келіпсіздер.

Сіздерге осынау Наурызда туған той белгісінен үлкен ой түйіп қайтыңыздар дейміз. Баршамызды ақ жол адастырмай, дәстүрімізге берік, салтымызға серік болайық ағайын!!! Әумин» деген жалынды сөздермен басталды.

Өзара күлісіп, бір-бірімен қалжындаса басып, қыз-жігіттер «Ақсүйек» ойнай ортаға шықты. Бұрымды ару Жансая мен сері жігіт Дәулет дәл осы ойында танысты. Сол жерде бір-біріне деген сезімдері оянған сәтте сері жігітіміз өлеңмен өріп «селтеткізер» сыйласа, ұяң аруымыз наурыз

көже әзірлеп, «ұйқышарын» тарту етті. Екі жастың сезімі ұласып, дәстүріміздің дәйегі ретінде үлкен той шаңырағын құрды. «Наурыз – сезім, наурыз – той, бұл өмірде табыстырар махаббат қой біліп қой». Көрерменді елең еткізе, ортаға жас жұбайлардың мінген той көлігі келді. «Келін келді» деп жеңгелері Арай мен Меруерт қуанып, жар сала би билесе, ұстаз ана Клара Кабылғазина шашу шашты. Келінге «Беташар» рәсімін жасаған факультеттің магистранты Асхат Қылышбек той көркін қыздыра түсті. Деканнан бастап,

PS.

Міне, ұстаздар мен студенттер қарсы алған жаңа жылымыз Наурыз тойынан біраз ой түйіп, бүгінгі ұрпақтың салт-дәстүрімізді қаншалықты бойына сіңіріп, дәріптеп жүргендігін аңғардық. Разы болдық. Жастың өсіп, көкейіңізді тесетінін есте ұстасақ, ертеңгі күні қасиетті қарашаңырағымыздан сомдалып шыққан тұлғалардың ұлттық құндылығымызды ұлықтап, жоғары көтеретініне сенім білдіре қуандық.

Жанат ҚАСЫМБЕК

студенттерге дейін сәлем салдырған Асхат дүйім жұрттың көңілін көтеріп, бір серпілтіп тастады. Тойды асабалық мәнімен өрлеген Мақсат Толықбаев та думанды кешке өнерін арқалап келген студенттер мен қонақтарды ортаға шақырумен болды. «Ән айтсаң да жаныңды жеп айтасың» демекші Арай Құсбекова, Макпал Сағындық, Аида Омарова, Арнат пен Ердана, Уалихан Жайлау сынды өрлі өрендеріміз өнін әуелетсе, I курстың қызғалдақтай қыздарының «Қара жорға» биі көпшіліктің көңілін көтерді. Тойдың сәні сырттан келген қонақтарымыздың ән-биімен өріліп, ұстаздарымыз «Арқан тартыс» ойнап, жастарымыз би билеп, сонында ақ дастарханнан дәм тартылды.

Осылай №5 жатақхананың алдында ойналған ақсүйек ойынында тағы бір екі жүрек «өз жолдарын тауып», олар танысып, табысып, сері жігітіміз «селтеткізер» сыйласа, ұяң аруымыз «ұйқышар» ұсынып, Наурыз тойды нағыз тойға ұластырған журналист өнер арқылы ойнаса да, салт-санамызды жаңғыртар дәстүрді дүниелерімізді көпшілікке паш етті. Студенттер кеңесі мен мәслихаты ұйымдастырған думанды той осылай өрнектелді. Студенттер қаржылай көмектескен факультет деканы мен ұстаздарына үлкен алғысын жолдады.

**Сәуір айының 18 жұлдызы. №13 жатақхана**

Мол ырысқа кенелетін, қыс қыспағынан арқасы кеніп, арқажарқа мәз-мейрам шаттыққа бөленетін жайдарман шақ осынау Наурыз мерекесі екендігін химиктер де дәлелдегендей. Олар наурыздың өсем кешінен «Көктемнің ханы мен ханшайымын» іздеді. Қазақ өрендері оқитын химия факультетінен де өнер артылған ба?! Олардан да алыспай-беріспес қырандар мен қызғалдақтар шықты. Өсем безендірілген жатақхана іші одан өрмен көріктене түскендей. Бірінші жұп – Армат Маратұлы мен Жадра Бөлегенова, екінші жұп – Рауан Әуелбеков пен Меруерт Сахова, үшінші жұп – Ерлан Аманов пен Эльмира Дәуітова, төртінші жұп – Жандос Татиев пен Дина Кукенбаева секілді қос-қостан бес жұп өз өнерлерін ортаға салды. «Таныстыру», «Ширату», «Көрініс», «Сән үлгісі», «Жұптың өнері» секілді бес саладан тұратын сайыста өнерлі жұптардың қыры мен сырын танып, тамаша танымдылықтарын аңғардық. Наурыз тойында шырқалмаған ән, ән болмас, мың бұрала биленбеген би, би болмас. Қоңыр дауыста ән салған Айдана Жүнісова кешті көңілдендіре түсті. Бар өнерді паш еткен химиктердің думанды мерекесі жалғасын тауып, көктемнің ханы Жандос Татиев болса, ханшайымы Дина Кукенбаева атанды. Студенттер кеңесінің төрайымы Жанар Тұратбекованың ұйымдастыруымен өткен Наурыз кешінен, айдай арулардың табиғатын танып, сырбас серілердің сынға төтеп берер сәтін тамашалап қайттық.



# Тамыры терең бәйтерек



Бекет Ғалымжанұлы Нұржанов дүние есігін философияға деген інкәр махаббатпен ашқан десек артық йтқандық болмас. Сондықтан да болар, мектеп бітірген өскелең жас жүрек қалауымен философия мамандығын тандап, С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің философия және экономика факультетіне түседі. Оның философияға деген ынтасы қазақстандық танымал философтар А.Қасымжанов, К.Рахматуллин, Ж.Әбдилдин, Ә.Нысанбаев, М.Чечин, О.Сегізбаев т.б. арқылы шындала түсті. Бекет 1982 жылы А.Х.Қасымжановтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғайды. Қазірде өнегелі ұстаз асқаралы алпысқа толып отыр.

Философияға құштар Бекет Ғалымжанұлы тағдыр айдап 1989 жылы Мәскеуге, КСРО ҒА философия институтына өкеледі. Сол тұста Мәскеуде, мүмкін қайта құру мен жариялықтың салдары болар, философтардың кәсіби-зиялы ортасы қалыптасқан еді. Мәскеудің В.Подорога, В.Бибихин, В.Библер т.б. философтары Деррида, Делез, Бодриар сияқты заманауи батыс философтарына жиі сілтеме жасайтын. Бекенде сол ұйымдастырылған семинар, дөңгелек үстелдерде үнемі қатысып жүрді. Бекет Ғалымжанұлы шетел тілдерінде жазылған философиялық әдебиеттерге бай Мәскеу кітапханаларында талмай-шаршамай ұзақ күндер жұмыс істейді. Нәтижесінде 1992 жылы

ол белгілі Ресей философы, профессор Н.В.Мотрошилованың кеңесшілік етуімен «Гегель диалектикасы: болмыс және еркіндік» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап шығады.

Шетел тілдерін жетік меңгерген ғалым «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына белсенде атсалысып, Ж.Бодриардың «Фатальды стратегиялар», Ж.Делез, Ж.-Д.Лиотар, Р.Жирар, Ф.Джеймисон еңбектерін француз және ағылшын тілдерінен аударды.

Бекет Ғалымжанұлы 1995 жылдан бастап, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия тарихы және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, профессоры. Бекен басқарған кезінде кафедра жоғары білікті мамандар дайындайтын республикадағы тандаулы ғылыми білім беру орталығына айналды. Диссертация кеңесінің мүшесі Бекет Ғалымжанұлының тікелей кеңес беруімен, жетекшілігімен 5 докторлық, 15 кандидаттық және 8 магистрлік диссертация қорғалды. Осындай тәуелсіз еліміздің кәсіби мамандарын дайындауға қосқан сүбелі үлестері ескеріліп, Бекет Ғалымжанұлы " 2006 жылдың үздік ұстазы" деген мәртебелі атаққа ие болды.

Бекет Ғалымжанұлының есімі Қазақстаннан тыс көптеген шет елдерде танымал. Оған Мәскеуде, Парижде, Лондонда, АҚШ-тың Калифорния штатының Беркли университетінде жасаған баяндамалары айқын дәлел.

Ұлағатты ұстаздарының терең білімінен сусындаған, өнеге-тәрбиесіне қаныққан Бекет Ғалымжанұлы бүгінде тамырын тереңге жіберген, көленкелі жапырағын кен жайған алып бәйтерек іспеттес. Осы орайда ғалымды 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына береке-бірлік, ғылыми ізденістеріне сәттілік пен шабыт тілейміз!

**Лесхан Асқар,**  
философия тарихы және мәдениеттану кафедрасының доценті

# Дорогу осилит идущий



Доктор физико-математических наук, профессор по специальности «Экономика» **Оспанов Серик Сарсенғалиевич** отмечает свой 70-летний юбилей.

С.С.Оспанов родился 29 апреля 1939г. в селе Есенай Акжаикского района Западно-Казахстанской области. В 1956 году окончил с медалью Талапскую среднюю школу, после поступил в Казахский Государственный Университет на специальность «Математик-вычислитель». В 1961г. он остался работать на кафедре вычислительной математики механико-математического факультета.

В 1963г. как перспективного молодого ученого, направляют на стажировку в Новосибирский Академгородок. Выбор его жизненного направления был связан с расцветом экономико-математических исследований, возглавляемых академиком, лауреатом Нобелевской премии Л.В.Канторовичем.

В 1972г. защитил кандидатскую диссертацию под руководством одного из основателей экономико-математической школы профессора КАБагриновского, по проблеме формирования и анализа математических моделей в экономике.

С 1966г. по 1991г. работал старшим преподавателем, затем доцентом на кафедре вычислительной математики.

В 1991г. перешел на работу заместителем директора по науке Научно-исследовательского института экономики и рыночных отношений (НИИЭРО) при Министерстве экономики РК, где руководил научной проблемой «Моделирование процессов макроэкономического анализа и информационного обеспечения органов государственного управления экономикой РК».

В 1996г. защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора физико-математических наук по направлению

применения вычислительных средств математического моделирования и математических методов в экономических системах.

С 1997г. по настоящее время работает профессором кафедры макро-микроэкономики, факультета экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби, где читает междисциплинарные трехуровневые курсы «Математические модели в экономике», «Экономическая кибернетика», «Сетевые модели в экономике», «Микроэкономика» на казахском и русском языках. Центральной тематикой научных исследований С.С.Оспанова являются проблемы моделирования эколого-экономических процессов, по которым в течение 2001-2008 гг. в рамках программы фундаментальных исследований МОН РК выполнено ряд работ, имеющих важное научно-практическое значение. За многолетнюю безупречную научно-педагогическую деятельность он награжден значком «Отличник народного образования» и серебряной медалью Биографического центра (Кэмбридж).

Искренно и сердечно поздравляем Серика Сарсенғалиевича с юбилеем, желаем доброго здоровья, долгих лет активной научно-педагогической деятельности.

Кафедра макро-микроэкономики

# Спорт и вся жизнь

Заведующему кафедрой физического воспитания КазНУ им. аль-Фараби, Заслуженному работнику народного образования КазССР, заслуженному тренеру КазССР, Почетному работнику образования РК, профессору **Арещенко Анатолию Ивановичу** исполнилось 70 лет.

А.И.Арещенко родился 5 апреля 1939 года. В 1961 году окончил Казахский институт физической культуры и был направлен на кафедру физического воспитания Казахского государственного университета, где в 1990 году прошел по конкурсу на должность заведующего кафедрой физического воспитания.

За период работы А.И.Арещенко в должности заведующего кафедрой физического воспитания значительно улучшилась учебная, научно-методическая, спортивно-массовая и оздоровительная работа. Он пересмотрел и кардинально изменил работу по подготовке спортсменов высокого класса в университете. Число секций возросло до двадцати двух. Впервые за последнее десятилетие в 2003 году университет занял первое место в общекомандном зачете на 2-й летней Универсиаде вузов РК. На 3-й и 4-й летних Универсиадах студентов РК (2005, 2007 г.г.) в общекомандном зачете КазНУ им. аль-Фараби занял второе место. В составе сборной студенческой команды страны 10 человек успешно вы-

ступили во Всемирной Универсиаде 2007 года в г.Тайланде и 5 на Олимпийских играх 2008 г. в Пекине.

За время работы тренером по велоспорту, им были подготовлены выдающиеся спортсмены, прославившие Казахстан на самых представительных соревнованиях – чемпионатах Мира, Азии, Европы, Чемпионатов СССР, спартакиад Народов СССР и Всемирной Универсиады. За время воспитания здорового тела и здорового духа педагогическая деятельность А.И. Арещенко была отмечена Грамотой Верховного Совета КазССР (1984г.), Почетной Грамотой ЦК ВЛКСМ (1984г.), нагрудными знаками: «За отличные успехи в работе» Минвуза СССР (1983г.), «Отличник образования РК» (1994г.), «За заслуги в развитии физической культуры и спорта в Республике Казахстан» (1998г.) и медалью «Ветеран труда» (1988г.), Золотой орденом национального Олимпийского комитета РК (2008 г.), Заслуженный тренер КазССР (1979г.), Заслуженный работник народного образования КазССР (1990г.).



На сегодняшний день он имеет 42 публикации (статьи, методические разработки, учебные пособия, учебные программы), является одним из авторов первой и второй типовой Республиканской учебной программы по физической культуре для высших учебных заведений Госстандарт.

А также является членом Совета Координационного научно-методического Центра кафедр физического воспитания Евразийской Ассоциации университетов (КНМЦ ЕАУ) при МГУ им. М.В.Ломоносова и членом научно-методического Совета Национального научно-практического центра физической культуры при Министерстве образования и науки РК.

Кафедра физвоспитания и спорта КазНУ

▀ Презентация

# Предупреждение преступности

В учебных заведениях России презентованы научные издания - учебники, монографии, вышедшие в Казахстане под редакцией д.ю.н., профессора **Е.О.Алауханова**.

Презентация прошла в Московской государственной юридической академии, в Московском университете МВД России и Рязанской академии права и управления ФСИН РФ, Правовой академии МЮ РФ. В это же время в Московской государственной юридической академии проходила международная конференция стран СНГ по вопросам совершенствования уголовного законодательства.

Есберген Оразович – заведующий кафедрой «Судебной власти и уголовного процесса» КазНУ им.аль-Фараби, член союза писателей Казахстана, вице-президент

Казахстанской криминологической ассоциации, главный редактор международного журнала «Научный мир Казахстана» презентовал учебники «Криминология», «Профилактика преступлений», учебное пособие «Борьба с коррупцией в государственных органах Республики Казахстан», а также монографию «Профилактика преступлений среди маргинальной части населения (безработных)».

Заслуженные юристы Российской Федерации, среди которых А. Рарог, С.Лебедев, Г.Аванесов, М.Бабаев, Ю.Антонян, В.Квашин с интересом ознакоми-


лись с презентованными учебниками, в которых раскрываются проблемы предупреждения преступности. В частности профессор О. Старков отметил, что новый учебник «Криминология» отличает оригинальный подход автора к решению некоторых проблем криминологии, приводятся статистические данные и привлекается большое количество научных и литературных источников. Книга написана живым, образным языком. В том числе в книге «Криминология», подготовленной под редакцией профессора ИРогова и профессора Е.Алауханова, появились новые главы – «Бытовая преступность», «Медицинская преступность» и «Криминонеология», чем отличается от

других учебников стран СНГ.

Ученые России отметили, что подобных презентаций учебников, посвященных криминологической науке казахстанских ученых, не проводилось уже на протяжении двух десятилетий. Своими трудами, подчеркнули они, профессор Е.Алауханов укрепляет международное сотрудничество.

Очередная презентация книг профессора Е.Алауханова и профессора Е.Каиржанова пройдет в конце мая в МГУ им. М.Ломоносова. На этот период в МГУ запланировано проведение международного конгресса юристов стран СНГ.

Ольга ОКОНЕШНИКОВА





**Жалын**

**Кафедра**

**Қазақстандағы интернет жылдан жылға дамып келеді.** Республикамыздағы интернет қолданушылар саны да көбеюде. Егер 2006 жылы еліміздегі Интернет қолданушылар саны 9,4 болса, 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл көрсеткіш 11 өскен. Яғни бұл Қазақстандағы 1,6 миллион халық ғалам торды пайдаланады деген сөз. Бұл интернет туралы әңгімені жайдан жай бастап отырған жоқпын.

## Блоггинг деген не? Оның бізге берері...

Соңғы кезде бүкіл әлемде «азаматтық журналистика», «блогтық журналистика» деген ұғымдар пайда болды. Азаматтық журналистика ол интернетпен тығыз байланысты. Ғаламторда блог деген түсінік бұрыннан бері қалыптасқан. Ал біздің елімізде ол жанадан қалыптасқан дүние. Блог дегенді біз интернет қолданатын адамның жеке онлайн күнделігі деп білеміз. Онда блог жүргізуші адам өзін қызықтыратын, толғандыратын әртүрлі тақырыпта материал жазып, жария ете алады. Мейлі ол адамның жеке өмірі туралы болсын, мейлі қоғамдағы болып жатқан саяси әлеуметтік мәселелер болсын. Блоггер не жазғысы келсе ол өз еркі. Яғни азаматтық журналистика және блогтық журналистика екеуі бір зат...

Азаматтық журналистикаға мынадай анықтама беріліп жүр: «Уеской журналистердің Қандай маман иесі болса да публицистикалық жанра өзіне қызықты тақырыпта өзі білетін формада жазып көпшілікке ұсынатын іс-әрекеті». Сонда кез-келген интернет қолданушы өзін журналист ретінде таныта алады. Интернет пайдаланатын халық қазір ақпаратты алушы ғана емес, ақпаратты жасаушы да болып отыр. Иә прогресс деп осыны айт. Сонда жеке блогын болу деген өзіңнің жеке газетің болу дегенмен тепе-тең! Менімше, бұл журналистика факультетінің студенттері үшін өте қажет. Қазақ блоггинг жүйесін қалыптастыру арқылы, ертен мүмкін біз қазақ тілді интернет сайттарының санын да, сапасын да арттыратын шығармыз. Яғни, ана тіліміздің дамуына үлес қосамыз!!!

**Мадина ОМАРҚҰЛОВА,**  
Журналистика факультетінің  
3-курс студенті



Ғылым мен тәрбиенің қарашаңырағы Студенттік өзін-өзі басқару жүйесін әрқашан алдыңғы қатарға қойып келеді. Осы мақсатта мұнда Студенттер сенаты, мәслихаты, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы және Жоғары студенттер кеңесі жұмыс істейді. Қазірде ҚазҰУ жетекшілігі жастармен жұмыс істеуді одан әрі дамыту үстінде. Осыған байланысты, жуырда студенттік өзін-өзі басқару жүйесін ілгерілетуде Жастар ұйымдарымен жұмыс істеу бөлімі құрылып, оның басшылығына ақын, «Қазақ әдебиеті қолдау қорының» жетекшісі Ақберен Елгезек тағайындалған болатын. Ол кезінде үкіметтік деңгейде қызмет атқарып, Алматы және Астана қалалық әкімшіліктерінде жұмыс істеген жастардың өкілі. Бұл «Студенттерге не береді, алдағы жастар ұйымдарының жұмысы мен жоспарлары қандай болмақ?» деген ой-елегімен Ақберен Елгезекті сөзге тартқан едік.

- Ақберен аға, студенттік жылдар кезінде қоғамдық жұмыстың алдын алып, біршама еңбегіңіз сіңгені белгілі. Әрине, ол жылдармен бұл жылды салыстыру жер мен көктей болар. Сол орайда, білгіміз келетіні бүгінгі күнде білім шаңырағындағы мыңдаған жаспен жұмыс жасау қиынға соқпай ма?

- Өткен жылдар өз несібісімен өтті де кетті. Жастар елдің болашақ көшбасшылары ғой. Біреудің көзі, біреудің сөзі жақсы демекші, әр түрлі жаспен тіл табысып, осы ұйымды бір арнаға бұрып, жастардың деңгейін көтеріп алсақ, артық ештеңе жоқ деп ойлаймын. Қиындық туып жатса, бірге көтеретіміз анық.

- Студенттік жылдарда есте қалар бір сәт, белсенділік танытып, кез-келген

## Жастар ұйымы болашақтың «алтын көпірі»

жұмысты үйіріп әкететін жастық жалын ойнаған дер шағымен ерекшеленеді. Сізді қоғамдық жұмыстың бел ортасында жүрді деп естіп жатырмыз. Сол жайлы не айтасыз?

- Албырт шақтың қызығымен университет жұмыстарын үйіріп әкететіміз рас. 1999 жылы Сенат ұйымының негізін қалағандардың бірі болғанмын. Ол ешқандай басшылықтан берілген жүктеме емес еді. Әр факультеттен мәслихаттарды, жатақхана Студенттер кеңесін сайлап, жастардың ынтасын оятып, белсенді болуға, қызығушылыққа ден қойдыру еді.

- Өз кезіңіздегі студенттер мен бүгінгі студенттердің айырмашылығы қандай? Сол жылдардағы жастар мен бүгінгі ұрпақтың белсенділігін айырып бере аласыз ба?

- Шыны керек, бүгінгі жастар белсенді деп ауыз толтырып айта аламын. Аға-әкпелерінің салған жолын жалғастырып, бүгінде жастар бір-бір ұйымды басқарып отырғанына қуандым. Біздің кезімізде экономикалық жағдай мез емес болатын. Ал бүгінде ше, университеттің басшылығы тарапынан үлкен қолдау білдіріліп, түрлі кездесулер ұйымдастырылып, белсенді жастарға деген құрмет жоғары екендігін аңғардық.

- Болашақ жастардың деңгейін көтеру өз қолыңызда. Қандай ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру ойыңызда бар?

- Университетіміздің ректоры Бақытжан Тұрсынұлының шешімімен үстіміздегі жылдың наурыз айында Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім құрылды. Оның міндетіне ҚазҰУ-дың жастар саясатын жүйелеу, бағыт-бағдарын айқындап отыру, студенттік өзін-өзі басқару институттарын ары қарай дамыту және оларға жан-жақты қолдау көрсету кіреді. Бұл қадам арқылы университет басшысы тәрбие ісінің маңыздылығы оқу ісінен төмен емес екендігін көрсетіп отыр. Содан бері жұмыс жоспарымызды жүзеге асырып келеміз. Басты бағыт, Сенат, «Сұңқар» Мәслихат, Студенттер кеңесі секілді ұйымдарды талан-таражға түсірмей, ұйымшылдық ұйтқысын басым көрсетіп, әр салада емес, бір саламен жұмыс жасату болмақ. «Бір жеңнен қол,

бір жағадан бас» шығармасақ, оның несі студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы болмақ. Сол орайда, ұсыныстар арқылы жастарды белгілі бір ортаға қалыптастыру. Біз жастардың өзін-өзі басқаруына жол ашып берер «алтын көпір» орнатпақшымыз.

- Кезінде «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы болған Елгезек Әзбергеновтың ұрпағы екендігіңіз мәлім. Ақберен аға, жастық дәуреннің жарқын жылдарына сапар шегіп қайтсақ.

- Ару Алматының төрінде дүниеге келіп, балалық шағым Семей өңірінің Шұбартағаты мекенінде өткендігін айта кеткім келеді. 1997 жылы туған жерімізге қайта шақырып, қалашық ҚазҰУ-дың тарих факультетіне түсіп, студент атандым.

- Өкениз Елгезек Әзбергенов тарихы 60 жылдан асқан «Қазақ университеті» газетіне еңбек сіңірген жандардың бірі екен. Сол жайында бірер мағлұмат келтіре кетсеңіз?

- «Қазақ университеті» газетінде 1981-1984 жылдар аралығында бас редакторлық қызмет атқарған. Сол жылдарда журналистика факультетінде «Қазақ балалар әдебиетінің дамуы» атты ғылыми диссертация жазған болатын. Оны қорғай алмай кеткен еді. Жетекшісі Зейнолла Қабдолов болатын. Бар-жоғы 34 жасында дүние салған өкемнің атқарған еңбектері дерлік ізденімпаздық пен еңбекқорлық жолында екендігін аңғаруға болады.

- 75 жылдың шаңырағын шайқалтпай ұстап, өз қарқынымен алдыңғы қатарлы орын алып жүрген университеттің барша студенттері мен «Өркен» студенттер қосымшасына деген лебіңіз.

- Білім мен өнерден ҚазҰУ қай кезде де құралақан емес. Оны көпшілік мойындайтыны шындық. Жастарымыз белсенділік пен қоғамдық жұмыстың жанашыры бола жүріп, өз білім ордамыздың нағыз турашыл тұлғалары болсын деймін. «Өркен» студенттер қосымшасында шығармасы шығандалған, каламы ұшқыр өрендердің қатары көбейе берсін!!!

**-Әңгімеңізге рахмет!!!**

Жанат ҚАСЫМБЕК

**Здоровье**

## ЧТО ДОЛЖНЫ ЗНАТЬ О ТУБЕРКУЛЁЗЕ!

**Туберкулёз – инфекционное (заразное) заболевание, которое развивается при попадании в организм человека микроорганизмов. Впервые это заболевание было открыто немецким ученым Робертом Кохом в 1882 году. В прошлом туберкулёз называли «чахотка» от которой умерли многие выдающиеся люди – А.П.Чехов, В.Белинский, Д.Байрон, Ф.Шопен, Ч.Валиханов.**

В мире ежегодно около 1,5 млн человек умирает от туберкулёза, каждые 4 секунд заболевает, а каждые 10 секунд кто-то умирает. Около 2 млрд. человек инфицированы микробактериями и 10% от всех инфицированных людей в течении своей жизни заболевают какой-либо формой туберкулёза.

По данным ВОЗ Казахстан относится к одним из 22 стран с высоким бременем туберкулёза, особенно с мультиустойчивой формой туберкулёза.

На современном этапе борьба с этой болезнью является одним из приоритетных направлений в системе здравоохранения. Эпидемиологи-

ческая ситуация в республике обусловлена наличием социально-уязвимых групп населения, напряжённой ситуацией в пернициарных учреждениях, а также внутренними и внешними миграционными процессами, наличием беженцев, нелегальных мигрантов, ежегодно выезжающих из соседних государств.

В Казахстане в 1998 году была принята новая стратегия лечения туберкулёза – DOTS, основной принцип являющийся «Остановить туберкулёз». В 2005 году ВОЗ вновь напомнила о 2-х ключевых целях контроля над ТБ – это выявление 70% заразных, и вылечить 85% впервые выявленных заразных больных. В целях предупре-

ждения развития туберкулёза в стране проводится специфическая профилактика. А именно вакцинация БЦД после рождения впервые 3-суток в роддоме, и ревакцинация в 6-7 лет. *Примечание:* Основными признаками туберкулёза являются: кашель более 2-х недель, слабость, боль в грудной клетке, субфебрильная температура по вечерам (37-38), потеря аппетита, потливость, снижение массы тела.

При появлении этих признаков необходимо обратиться в поликлинику, сдать анализ мокроты и пройти флюорографию. Основные пути заражения при туберкулёзе: воздушно-капельный, контактно – бытовой.

Нам всем и каждому из нас нельзя забывать, что данное заболевание является большой угрозой для всего человечества.

Г.Т.АКБАЕВ,  
зав. диспансера АПТД



